

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 11 сәуірдегі № 112/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 сәуірде № 27610 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 241-6-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Инновациялық экожүйе және ғылыми-техникалық даму департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың тиімділігін бағалау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың тиімділігін бағалау әдістемесі Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 241-6-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың тиімділігін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) инновациялық жоба – белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын, инновациялық қызмет шеңберінде жүзеге асырылатын және жаңа немесе жетілдірілген өнімді немесе процесті жасауға және (немесе) енгізуге және оны тұтынушыға жеткізуге бағытталған іс-шаралар кешені.

2) инновациялық жүйенің субъектілері (бұдан әрі – инновациялық жүйенің субъектілері) инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институты және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілетті өзге де заңды тұлғалар;

3) инновациялық қызмет субъектілері (бұдан әрі – қатысушы) – инновациялық жобаларды іске асыратын жеке, заңды тұлғалар, жай серіктестер;

4) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – инновациялық және технологиялық даму саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

5) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру тиімділігін бағалау – бұдан әрі – тиімділікті бағалау) – инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға, технологиялық саясатты және нысаналы технологиялық саясатты іске асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институты және өзге де заңды тұлғалар жүзеге асыратын инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін белгілеу тәсілі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.07.2024 № 457/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тиімділікті бағалау объектілері уәкілетті орган, сондай-ақ инновациялық қызметті қолдауды жүзеге асыратын инновациялық жүйе субъектілері ұсынған мемлекеттік қолдау шараларынан алынған нәтижелер болып табылады.

2-тарау. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шаралары

4. Инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларына:

- 1) инновациялық гранттар беру;
- 2) венчурлік қорларды бірлесіп қаржыландыру жатады.

5. Инновациялық гранттар технологияларды коммерцияландыруға, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға және салаларды технологиялық дамытуға үш бағыт бойынша беріледі.

3-тарау. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне бағалау жүргізудің тәртібі

6. Инновациялық гранттар беру бойынша беру мен іске асырудың тиімділігін бағалау аяқталған инновациялық жобаларға қатысты жүзеге асырылады.

7. Тиімділікті бағалау жыл қорытындысы бойынша бір рет сандық бағалау әдісімен жүргізіледі.

Тиімділікті бағалау үшін инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауға қатысатын инновациялық жүйе субъектілері ұсынатын осы Әдістемеге қосымшаға (бұдан әрі – қосымша) сәйкес нысан бойынша есептілік өлшемшарттары бойынша балл беру әдісі пайдаланылады.

Тиімділікті бағалау осы Әдістеменің 2-тарауында көзделген мемлекеттік қолдау түрлерінің біріне қатысты жүргізіледі.

Мемлекеттік қолдаудың әрбір шарасының форматы қосымшаға сәйкес белгілі бір өлшемдер санын қамтиды.

Қатысушылар арасында балл белгілеу үшін мынадай формула пайдаланылады:

$$Iq = \frac{3e}{3өж} * 100 \%$$

мұнда:

Iq – өткен жылдың тиісті жылына (кезеңіне) есепті жылдың (кезеңнің) индексі;

3e – есепті жылдың мәні;

3өж – есепті жылға өткен жылдың мәні.

Мемлекеттік қолдау шарасы шеңберінде әрбір өлшемшарт бойынша нөлден үшке дейінгі балл беріледі.

Балл үш өлшемді шкала бойынша нақты өлшемшарттың маңыздылығын келесідей анықтайды:

мына мән бойынша 0 балл беріледі:

"Iq" < 10 %, өткен жылмен салыстырғанда бөлінген бюджет қаражатының сомасы сақталған кезде қолданылады. Көрсеткішті 10 %-дан кем төмендету бойынша талдауды және дәлелді негіздемелерді қамтитын ақпарат ұсынылған жағдайда 1 балл беріледі;

мынадай мән бойынша 1 балл беріледі:

"Iq" 10 % < 40 % диапазонында болса;

2 балл беріледі, мынадай мән бойынша:

"Iq" 40 % < 100 % диапазонында болса;

3 балл беріледі, мынадай мән бойынша:

"Iq" < 100 %.

Мемлекеттік қолдау шарасы есепті жылы немесе есепті жылға өткен жылы алғаш рет ұсынылуына байланысты мемлекеттік қолдау шарасы бойынша есептік деректер (есепті жылдың немесе есепті жылдың алдыңғы жылының мәні) болмаған кезде, осы құрал бойынша тиімділікті бағалау ағымдағы жылы жүргізілмейді.

8. Мемлекеттік қолдау шарасының іске асырылу тиімділігі әрбір өлшемшарт бойынша алынған балдарды қосу және оларды қосымшаға сәйкес өлшемшарттар санына бөлу тәсілімен есептелетін мемлекеттік қолдау шарасының тиімділік индексін табу жолымен бағаланады:

$$S = \frac{\sum b_k}{N}$$

мұнда:

S – Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділік индексі;

$\sum b_k$

– балдар сомасы;

N – өлшемшарттар саны.

Мемлекеттік қолдау шарасының тиімділік индексі үш балдық шкала бойынша өлшенеді, мұнда:

мемлекеттік қолдау шарасының тиімділік индексінің мәні 2-ден 3-ке дейінгі диапазонда ұсынылған кезде шарадан тиімділіктің жоғары деңгейін білдірсе;

1-ден 2-ге дейінгі диапазондағы мемлекеттік қолдау шараларының тиімділік индексінің мәні ұсынылған кезде шарадан тиімділіктің орташа деңгейін білдірсе;

мемлекеттік қолдау шарасының тиімділік индексінің мәні 0-ден 1-ге дейінгі диапозонда ұсынылған кезде шарадан тиімділіктің төмен деңгейін білдіреді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.07.2024 № 457/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Тиімділікті бағалаудың венчурлік қорларын бірлесіп қаржыландыруға арналған қорытынды есептілік осы Әдістемеге қосымшаның 3-кестесіне сәйкес нысан бойынша инновациялық қызметтің нарықтық перспективаларының белгісіздігімен сипатталатын жоғары кәсіпкерлік тәуекел және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 105-1-бабының 3-тармағына сәйкес салынған қаржылық және өзге де ресурстардың ысырабы ескеріле отырып, ұзақ мерзімді перспективада осындай венчурлік қорлар активтерінің (бүкіл портфелінің) кірістілігі (залалдылығы) негізінде жүзеге асырылады.

10. Тиімділікті бағалау туралы ақпаратты инновациялық жүйе субъектілері есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей қалыптастырады және осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға және инновациялық обсерваторияға ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 31.07.2024 № 457/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Уәкілетті орган тиімділікке бағалау жүргізу туралы тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей енгізеді.

12. Осы Әдістеменің 11-тармағында көрсетілген ақпаратта уәкілетті орган инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың бағаланатын шарасын одан әрі жетілдіру және іске асыруды жалғастыру не одан әрі қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыныстар мен ұсынымдар енгізеді.

13. Инновациялық қызметтің тиімділігіне жүргізілген бағалау қорытындылары инновациялық қызметті дамыту саласындағы ұлттық институттың ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2022 жылғы 11 сәуірдегі
№ 112/НҚ
Инновациялық қызметті
мемлекеттік қолдау шараларын
іске асырудың тиімділігін
бағалау әдістемесіне
қосымша

Есептілік өлшемшарттары бойынша балдарды беру әдісі

1-кесте

Технологияларды коммерцияландыру үшін қорытынды есептілік нысаны

1. Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық грант							
Инновациялық грант алған аяқталған жобалар бойынша бөлінген бюджет қаражатының көлемі, мың теңге		1-өлшемшарт		балл	2-өлшемшарт		балл
		Инновациялық гранттар алған инновациялық қызмет субъектілерінің саны, бірлік			Өндіріс іске қосылғаннан кейін шығарылған өнім мен қызметтердің көлемі, мың теңге		
есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		Есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	

Кестенің жалғасы

1. Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық грант							
3-өлшемшарт		балл	4-өлшемшарт		Балл	Ббалл сомасы	
Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар бойынша жобалардың жалпы санындағы коммерцияландырылған жобалардың үлесі*, %-да			Жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша құрылған жұмыс орындары, бірлік				
есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		Барлығы:	

2-кесте

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға және салаларды технологиялық дамытуға арналған қорытынды есептілік нысаны

2. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға және салаларды технологиялық дамытуға инновациялық грант							
Инновациялық грант алған аяқталған жобалар бойынша бөлінген бюджет қаражатының көлемі, мың теңге		1-өлшемшарт		Ббалл	2-өлшемшарт		Ббалл
		Инновациялық гранттар алған инновациялық қызмет субъектілерінің саны, бірлік			Өндіріс іске қосылғаннан кейін шығарылған өнім мен қызметтердің көлемі, мың теңге		
Есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	

Кестенің жалғасы

--	--	--	--	--	--	--	--

2. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға және салаларды технологиялық дамытуға инновациялық грант

3-өлшемшарт		Ббалл	4-өлшемшарт		Ббалл	Балл сомасы
Инновациялық гранттарға бөлінген мемлекеттік қаражаттың 1 теңгесіне тартылған жеке инвестициялар көлемі**, теңге			Жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша құрылған жұмыс орындары, бірлік			
есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		Барлығы:

Ескертпе:

Есептеу кезінде қызмет алушының (грант алушының) бастамасы бойынша немесе сот тәртібімен шарттар бұзылған инновациялық гранттардың жобалары есепке алынбайды.

* – $K = E / F \times 100\%$, мұнда:

K – Технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар бойынша жобалардың жалпы санындағы коммерцияландырылған жобалардың үлесі (екінші және үшінші кезеңдер);

E – инновациялық гранттар беру жөніндегі бағдарлама шеңберінде өнім коммерцияландырылатын жобалар саны;

F – инновациялық гранттар беру жөніндегі бағдарлама шеңберінде аяқталған жобалардың саны.

** – $X = Y / Z$, мұнда:

X – инновациялық гранттар беру жөніндегі бағдарлама шеңберінде берілетін мемлекеттік қаражаттың 1 теңгесіне тартылған жеке инвестициялардың жалпы көлемі;

Y – инновациялық гранттар беру жөніндегі бағдарлама шеңберінде жоба бойынша грант алушы / инвестор тарапынан қоса қаржыландырудың жалпы көлемі;

Z – "QazInnovations" инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы беретін жоба бойынша бюджет қаражатының жалпы көлемі.

3-кесте

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға және салаларды технологиялық дамытуға арналған қорытынды есептілік нысаны

1. Венчурлік қорларды бірлесіп қаржыландыру (қордың инвестициялық кезеңінде)					
	1-өлшемшарт		2-өлшемшарт		

			Венчурлік қорларға сыртқы		
<p>Венчурлік қорларды бірлесіп қаржыландыру үшін бөлінген бюджет қаражатының көлемі, мың теңге</p>	<p>Мемлекеттік қолдау есебінен қоса қаржыландырудың венчурлік қорларының саны (жинақтаумен), бірлік</p>	<p>ББалл</p>		<p>ББалл</p>	<p>Балл сомасы</p>

				инвестициялар тарту (жинақтаумен)*				
есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		Барлығы:	
2. Инновациялық жобаларды инвестициялау (қордың инновациялық кезеңінде)								
Венчурлік қорларды бірлесіп қаржыландыру үшін бөлінген бюджет қаражатының көлемі, мың теңге		1-өлшемшарт		ББалл	2-өлшемшарт		Балл	Балдар сомасы
		Қорлардың венчурлік инвестициясын алған инновациялық қызмет субъектілерінің (стартаптар) саны, бірлік			Инновациялық қызмет субъектілеріне (стартаптарға) салынған қор қаражаттарының көлемі, мың теңге			
есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		Барлығы:	
3. Инновациялық жобаларды іске асыру (пост-инвестициялық кезең)								
Венчурлік қорларды бірлесіп қаржыландыру үшін бөлінген бюджет қаражатының көлемі, мың теңге		1-өлшемшарт		ББалл	2-өлшемшарт		Ббалл	Балл сомасы
		Инвестицияларға қайтару коэффициенті (Distributions to Paid-in Capital) (жинақтаумен), мәні **			Салынған капиталға жиынтық құнның коэффициенті (Total Value to Paid-in Capital), мәні ***			
есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл	есепті жылдың алдыңғы жылы	есепті жыл		Барлығы:	

Ескертпе:

* Сыртқы көздер тарапынан инвестициялар сомасы (стратегиялық серіктестер, қаржы институттары, жеке инвесторлар) / инновациялық жүйенің субъектілері тарапынан инвестициялар сомасы. Бұл мәндер жинақтау әсерімен есептеледі.

** $DPI = \text{Distribution} / \text{Paid-In Capital}$, мұнда:

DPI – Инвестицияларға қайтару коэффициенті (Distributions to Paid-in Capital).

Distribution – инновациялық жүйенің субъектілерінің атына қайтарылған инвестициялардың жалпы көлемі, мың теңге.

Paid-In Capital – инновациялық жүйенің субъектілері тарапынан қорға салынған инвестициялардың жалпы көлемі, мың теңге.

*** $TVPI = \text{Total Value} / \text{Paid-In Capital}$, мұнда:

TVPI – салынған капиталдың жиынтық құны (Total Value to Paid-in Capital).

Total Value – қордың сатылған және қалдық активтерінің жалпы сомасы.

Paid-In Capital – инновациялық жүйенің субъектілері тарапынан қорға салынған инвестициялардың жалпы көлемі, мың теңге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК